

Мен аудармашы боламын деп, ешқашан ойлаған жоқпын. 12 жылдай мектепте мұғалім болып жұмыс істедім. Қазіргі жұмысым аудару жұмыстарымен байланысты. Сондықтан аударма жұмыстарына басқа көзбен қарайтын болдым. Бұл жұмысқа көзқарасым өзгерген соң бұл жұмыс қызықты болып табылды. Гүлфайруз ұстазға көп рақмет!

***Сейсембекова Қарлығаш Саматқызы
«ҚазМұнайгаз» ұлттық компаниясы,
Адам ресурстарын басқару департаментінің қазақ тілінің оқытушысы***

Менің аудармашы болу себебім: тіл мәртебесін оның деңгейін көтеру. Кей кезде басқа тілде сөйлесемде жұдырықтай жүрегім қазақ тілі деп соғады. Айтып жеткізу мен үшін қиын, тек сезім баурап алғандай. Осыдан да болар қазақ тілі маманы болғым келетіні. Ал аудармашыны маман ретінде алсақ, әр адамның қолынан келмейтін мықты да білгір, сауатты тұлға болғаны рас. Бұны мен жеке дара қасиет деп те айтар едім. Түпнұсқалықты дәлме-дал жеткізу, аудару қаншама қиын болғанымен аудармашының арқасында осы салада өз кезегімен дамып келеді. Әр жазылған сөздің мағынасын толық аша біліп, түсініп, қажет терминдерді қолдана алу бұл да бір өнер. Мақтана аудармашымын дей аламын!!!

***Гүлнұр Манабова
«Мемқалақұрылыскадастры» РМК
Қызметкерлерді басқару және мемлекеттік тілді дамыту бөлімінің
мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі жетекші маманы***

Семинарларға үнемі қатысып отыру аударма жұмысында дұрыс бағыт таңдауға, терминдерді құрудың әдістерін үйренуге, оны зерделеуге мүмкіндігін беретіні мәлім. Біліктілікті арттыру семинарлары – аудармашылар үшін ауадай қажетті білім бұлағы. Аударма ісі аудармашы маманнан аса жауапкершілікті, аударуға жататын құжаттардың мазмұнын дәлдікпен беруді талап етеді. Аударма ісі өте қызықты әрі қазақ тілінде сөздік қорының қаншалықты сөзге бай екендігін көрсетеді.

Ұшқыштың арманы көк аспанда самғап ұшу болса, менің арманым – өзімді тілдерді байланыстырушы адам ретінде сезіну. Абай атамыз «сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» деп айтқанындай, өмірдегі сол орнымды аударма ісінде тапсам мен үшін үлкен бақыт дер едім.

***Гаракеева Меруерт Сәуірбайқызы
«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Құжаттамалық қамтамасыз ету
және ақпараттық технологиялар департаменті Құжаттамалық
қамтамасыз ету қызметінің мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі маманы***

Ертеден кешке дейін отырып, бір сарында емес, ойын ойнап, жақсы өтті, Көп әсер етті, қатты ұнады. Мен үшін үнемі дау тудыратын орыстың «по» шылауының қаншама қолдану тәсілдері бар екенін білу қатты ұнады, бұрын тек бойынша деп аударар беретін едім.

Сіздердің курстарыңызға жылда қатысып тұрсам зой....

Гаухар Қапашбаева, аудармашы

Семинардан аларымыз көп болды, білмегендерімізді толықтай түстік. Тапсырыс беруші мен аудармашы, аудармашы мен редактордың арасындағы қарым-қатынас деген көтерілмей келе жатқан мәселені аштыңыз. Жобалау академиясының ұжымына қызметтеріңізге сәттілік, жаңа бастамаларыңыз бен тыңдаушыларға берер ақпарат-тәжірибелеріңіз көп болсын!

***Аманкүл Тұрсынбекова,
«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы, бас маман***

Менде нағыз кәсіби шебер аудармашының бейнесі қалыптасты. Алған ақпаратты жұмысымда міндетті түрде пайдаланам. Біріншіден, осы бес күн ішінде өзіңіздің шынайы адами қасиетіңізбен бізді баурап алдыңыз, сізді көп жылдан бері білетін сияқтымыз, ешбір жасандылық жоқ. Екіншіден, кәсіби шеберлігіңізге ризамын. Материалды бере білу, аянбай біліміңізді бөлісе алу, сонымен қатар кез келген бізді толғантқан сұрақтарға мысалдармен, ғылыми фактілермен дәлелдеп түсіндіре білгеніңізге көп рахмет!

***Айнаш Тағиманова,
«Мемқалақұрылыскадастры» РМК,
мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі бас маман***

Бір үйдің адамдарындай болып кеттік, әсіресе бұны бірінші күні сезіндім. Сіздің семинарды өткізу әдісіңіз, көрнекіліктеріңіз семинарды қызықты етті, Бұрын да семинарларға барып жүрдік, Бәрі бірқалыпты өтетін. Семинардан түйетінім - білмеген жақтарым болды, көп ақпаратты алдым. Осындай семинарлар бола берсін, сіздей ұстаздар кездесе бермейді.

***Жұлдыз Абежанова,
«Қызылту» ЖШС, аудармашы-іс жүргізуші***

Гүлфайрузға рахмет айтам. Осындай жақсы ұйымдастырылған курсқа қазіргі жұмысыма орналасқалы алғаш келуім. Бұрынғы жұмыстарымызда да 2-3 жыл сайын курстарға барып тұратынбыз. Бағдарламасын көріп, баяғыдай өте салады деп ойладым. Жоқ, тамаша, кең форматта, өзгеше форматта, практика, теорияның бәрін араластырып, қызық өтті. Гүлфайруз сияқты жақсы мамандар, білікті мамандар сабақ беріп жатса, жақсы болады. Айгүл айтқандай, бәріміз бірігіп, бір-бірін жатырқамай сөйлесіп кетті. 10 күндік, бір айлық семинарларға барып, бір-бірін танымай кететін жағдай да болатын. Бұл жерде сіздің арқаңызда бәрі бір-бірін жақсы танып, араласып кетті.

**Асқар Ахметов,
«СКЗ-U» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің аудармашысы**

Курсты өткізу деңгейі өте жоғары. Бұдан әрі де осы бағыттан таймай, көп тыңдаушыларға ие болуларыңызға тілектеспін!

Мен мұғалім болып жүргенде, барлық мұғалімдердің сабағына қатысуға міндеттейтін. Сонда әр мұғалімнің өзінің стилі болатын, белгілі бір ойындары, көрнекіліктері әр түрлі болатын. Сіздің сабағыңызға да қатыса отырып, тренинг өткізу әдістеріңіздің бәрі қатты ұнады. Әр тәсіл белгілі бір кезеңге сәйкес келіп отырды. Мысалы, бірінші күні біздің бір-бірімізбен тез танысуымызға, тез үйренуімізге әсер ететін жаттығулар, сосын аударма жасауға арналған жаттығулар жасалды. Курс жан-жақты ұйымдастырылған: тек қана аударма емес, психология да, этика да болды. Мен көп көрген жоқпын, бірақ осы уақытқа дейін көрген ұстаздарымның ішінде сіз жоғары тұрасыз.

Айгүл Айтпай, аудармашы

Мен сіздердің әрі қарай өсе берулеріңізді тілеймін! Әр қазақтың баласы өз тілін білуі керек, сіздер соған көмектесесіздер! Сол үшін сіздерге үлкен рахмет!

**Зере Елубаева,
ҚР Энергетика министрлігі «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының аудармашысы**

«Аудармашылардың біліктілігін арттыру» тақырыбында өткен курс өте жақсы деңгейде өтті. Біліктілігімізді арттыруға қатысты көп білім алдық. Аударманың шығармашылықпен тікелей байланысты екеніне көз жеткіздік. Жаңа сөздермен таныстық. Ұлтымыздың ертеден қолданылып келе жатқан тарихи мәні зор сөздерін еске түсірдік. Алдағы уақытта осындай курстардың жиі болуын, мерзімінің 5 күннен 10 күнге дейін ұзартылуын ескерсеңіздер деген тілегім бар.

Гүлзира Үсенова, жауапты орындаушы

Мен курстың тұрақты тыңдаушысымын. Бұл ненің белгісі? Курс өте қызық, біріншіден, ұйымдастырылуымен, екіншіден, жетекшісімен қызықты. Мен өзім көп мағұлмат алдым. Өзімнің дерекқорымды жаңа ақпараттармен, мәліметтермен көбейттім. Сізге айтарым - алдағы мақсаттарыңызға жетіңіз!

Әрбір курстың ерекшелігі - қатысушылармен танысу. Бүгін менің ортам 13 адамға кеңейді. Бұл өте жақсы, мысалы, бірінші күнгі танысқанымыз әлі есімде - зейінді Зере, көркем Гаухар, ажарлы Аманкүл...

Осы курстан қызық болғаны, курс тек қана теория емес, практика жүзінде де болды. Бұл кез келген курстарда кездесе бермейді.

Илияс Кеңесбек, аудармашы

Бұл курс алдыңғы курстан да қызық өтті. Топпен жұмыс істеу, ойындар, фильмдер көре отырып, сөздерге мән беріп, оларды талдау ұнады. Күнделікті қызметте күмәндансақ та қолданып жүрген сөздердің ара-жігін ажыратып алдық.

Гүлжайна Әбдіраманова, аудармашы

«KAZGOR» мекемесіне, Гүлфайруздың жеке өзіне осындай өте пайдалы семинарды ұйымдастырғаны үшін зор алғысымды айтамын. Семинардың тыңдаушылары арта берсін!

***Сайран Рысбекова,
ҚазМұнайгаз, Құжаттамалық қамтамасыз ету департаментінің
жетекші аудармашысы***

Курстың қатысушыға берері мол. Әр курсқа қатыса бергің келеді. Сондықтан курсқа қатысу мүмкіндігі көп болса... Еліміздегі белді мекемелердің қатарынан көріне беріңіздер! Дендеріңіз сау, еңбектеріңіз жемісті болсын! Қазақ тілінің беделі арта берсін!

***Баян Молдақұлова,
«Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы»
республикалық мемлекеттік кәсіпорнының аудармашысы***

«KAZGOR» жобалау академиясының мемлекеттік тіл аудармашыларына арналған біліктілікті көтеру курсы туралы тілектерім:

Курс жұмысы мақсатқа сай ұйымдастырылған. Жеке өзіме оқу бағдарламасы өте ұнады. Өзім білмейтін жаңа, соны мәліметтерді алдым. Осы курс жетекшісі Гүлфайруз Исаның сабақ жүргізу әдістемесі көңілімнен шықты. Өте сауатты, білімді, оқу әдістемесін терең меңгерген, тілдерді жетік білетін маман екен. Курстың жұмысы жалғасын таба берсін деп тілек білдіремін. Осылай болатын болса, біліктілігімізді арттыруға жиі-жиі келіп тұратын боламын және аудармашы әріптестеріме жарнамалап, олардың да осы курсқа келіп оқуына кеңес беремін.

***Ерғалиев Қыдырбай
«Республикалық ғарыштық
байланыс орталығы» АҚ аудармашысы***

Әрдайым осындай курстар болып тұрсын. Өркендей беріңіз, жұмыстарыңыз арқашан алға бассын! Рақмет сіздерге!

***Сағындықова Миргүл «Мемсараптама»
РМК-ның Ақтөбе облысы бойынша филиалының аудармашысы***

Маусымның 13-17 аралығында өткен «Жасырын сыңарлы күрделі терминдерді аудару» тақырыбына өткен семинар маған қатты ұнады. Семинардың жүргізушісі Гүлфайруз тақырыпты кең көлемде аша білді. Аудармашылар үшін көптеген практикалық жұмыстар жүргізді. Семинарды өткізу барысында түрлі ойындар жүргізіп, қатысушылардың ынтыласын арттыра білді.

Гүлфайруздың сөздік жасау саласында жасаған тәжірибесі бізге көп көмек көрсетті. Терминжасам тәсілдерін жақсы үйретті. «KAZGOR» жобалау академиясына табыс тілеймін!

Гүлфайруз, алдағы уақытта сіздің семинарларыңызда қайта кездесеміз деген ниеттемін.

***Кенжебекова Майя «Technodom Operator»
(Технодом Оператор) АҚ аудармашысы***

Маусымның 13-17 аралығында «Жазба аударма техникасы» бойынша өткен семинар жұмысы менің көңілімнен шықты. Семинар барысында мен өзіме қажетті мағлұматтарды толық алдым. Күрделі сөйлемдерді аудару, термин жасаудың тиімді жолдарын оқып-білдім. Тіркесті терминдерді, жасырын мәнді сыңарларды аудару жолдарымен танысып, аудармашының «жалған» серіктерін анықтау жолдарын үйрендім. Аудармашының жұмыс құралдары, аудармашылық редакция дағдыларын пысықтап, білімімді жетілдірдім. Өзімнің саладағы білімімді жетілдіруге аталған семинар көп көмегін тигізді. Оқытушы Гүлфайруз Исаның бізге берген білімі, ақпараты, қарым-қатынасы өзіме деген сенімділігімді арттырды. Гүлфайруз Исаға, Менешева Арайлымға жұмыста шығармашылық табыс тілеймін. Осындай мазмұны мол, аудармашыларға таптырмас үлкен бір көмек көрсететін семинарлар өңірде өткізілсе, аудармашылардың біліктілігін көтеруде үлкен үлес қосылар еді.

***Махметова Перизат «Қазақстан Республикасының
Ұлттық ядролық орталығы» РМК филиалы
Радиациялық қауіпсіздік және экология
институтының аудармашысы***

Бұл курсқа биыл мен екінші рет қатысып отырмын. Берері көп, үйренер тұстары жетерлік тамаша оқу болды. Бұған менің көзім әбден жетті. Гүлфайруз Исаның курсын сайт арқылы басқа да курстармен салыстыра отырып таңдап алғандағы қол жеткізген нәтижеме көңілім толды. Сәті түссе, әлі де келуге ниеттімін. Бәрі де бізге, қосалқы қызметкерлер – аудармашыларға келгенде, қаражатқа тіреліп қалып жататындығы белгілі. Әйтпесе курстың мерзімін ұзартып оқуға болар еді деп ойлаймын.

Гүлфайруз, сізге үлкен рахмет. Ісіңіз алға баса берсін. Сіздің бір адамға берген пайдалы ісіңіз бірнеше жерде оң нәтижеге бастайды деп сенемін.

***Нүрекенова Бұлғын ҚР Энергетика министрлігі «Қазақстан
Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу
құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының аудармашысы***

Аударма саласы бойынша осындай семинар, курстар жиі өткізіліп, түрлі тақырыптарды қамтып отырса нұр үстіне нұр болар еді. Еңбектеріңізге жеміс тілеймін.

***Жаппарова Құндыз Саттарқызы,
«Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты»
республикалық мемлекеттік кәсіпорны («ҚазСтИн» РМК),
Аударма бюросының жетекші маманы***

Қазақ тілі терминдері жөнінде толық мағлұмат бергені үшін алғысым шексіз. Қазақ ортасында таза қазақша сөйлесу туралы ұстанымы және сабақты таза қазақша жүргізгендігі көңілімді толтырды. Курс барысында бірнеше мысалдар және қысқа сюжеттер арқылы қазақша аудармаларды жеткізу сапасы жоғары деңгейде! Осы 5 күн ішінде алған білімім және алдағы уақытта жұмысыма пайдасы мол қазақ тіліндегі сөздерді үйреткеніне алғысым шексіз!

***Жингилбаева Индира Жауынбайқызы,
Ақтау қ., «CNLC International Kazakhstan Inc.» ЖШС-і,
Кадрлар жөніндегі маман***

Гүлфайруз ханым, сізге толағай табыстар, мықты денсаулық тілеймін! Сіз қызмет ететін «KAZGOR» ЖА да қызмет аясы кеңіп, еңбегі жана берсін.

Осындай курстар Қазақстанның қалаларында өтіп тұрса, нұр үстіне нұр болар еді!

Гүлфайруз ханымның жоғары біліктілігі, өз ісіне деген жауапкершілігі, семинардың жүйелілігі, жан-жақтылығы, көптеген саланың қамтылуы, мағлұматтары, ақпаратты, білімді беру тәсілдерінің түрлілігі көңілімнен шықты.

Аудармашылар үшін бірден-бір керек білім көзі.

Еңбектеріңіз жемісті болсын!

***Есенғалиева Дария Аманкелдіқызы,
«Интергаз Орталық Азия» АҚ «Атырау» МГҚБ, аудармашы***

Осы семинарда білмеген, бұрын ойға келмеген біраз мағлұмат алдым деп айта аламын. Жұмыстағы қосымша аудармашы жұмысыма немесе аудармашы маманына соның ішінде қазақ тіліне деген құрметім артты. Шыны керек аудармашы жұмысыма бұрын қатты мән бере қоймайтынмын.

Негізінде бірінші мамандығым Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті бағалау, ал екіншісі экономист. Ал жұмыс жасап отырған сала мүлдем басқа, мұнай және газ саласы. Сондықтан кейбір терминдерді (сала) білмегендіктен болар, аударуға аса мән бермеген едім. Ал семинардан біраз нәрселерді, жан-жақты болуды, біраз нәрселерге көңіл бөлмейтініміз байқалып, көркем әдеби кітаптарды оқуға құлшыныс пайда болған тәрізді.

Рахмет сізге, Гүлфайруз Иса!

Қазақтың сөздігін, тілін дамытуға атсалысып жатқандарыңызға үлен алғыс, әрі қарай кең көлемде дамуыңызға тілектеспін.

Ибраева Динара Алтынбекқызы,
«Мұнай және газ ақпараттық-талдау орталығы» АҚ,
Мониторинг департаментінің менеджері жетекші маманы, аудармашы

Аудармашы ретінде алғаш рет қатысып отырған аталмыш семинар менің көңілімнен шықты. Ең азы, аудармашы дегеніміз тек қана өз ісін білетін маман емес, сегіз қырлы, бір сырлы, ойы жүйрік, кәсіби білімділігі мен білімі үйлескен жан болу керектігін ұғындым. Терминдерге қатысып көптеген мағлұмат ала алдым. Аударма ісінде қажетті тәсілдерді игере отырып, семинар қатысушыларымен де біраз тәжірибе жинақтадым. Негізі, семинар барысы қызықты да, жаңалықтарға толы болды. Біз тек қана жұмыс істеу барысын емес, жұмыстан кейін моральдық тұрғыда демалу әдіс-тәсілдерін игере алдық. Гүлфайруз ханымның әр семинар қатысушысына деген қарым-қатынасы, жұмыс істеу барысы маған ұнады. Осындай семинарлар жиі болып, аудармашы мамандығының деңгейі көтеріле берсін деп тілеймін.

Академияның мамандарының біліктілігін арттыру мақсатында істеп жатқан жұмыстарына мол табыс тілеймін. Қызмет көрсету сапасы жыл сайын тек қана жақсара берсін!

Гүлфайруз ханым, сіздің жұмысыңыз жемісті, еңбектеріңіз жеңісті бола берсін!

Тастенова Лиди Ныгметоллақызы,
аудармашы, «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ

Құрметті Гүлфайруз апай! Сізге жаңа жетістіктер мен ашылуларға ұдайы ізденіс, шығармашылық, мықты денсаулық және жаңа бастамаларда тек қана сәттілік тілеймін! Барлық ізгі армандарыңыз орындалсын!!!

***«Мемсараптама» РМК-ның Ақтөбе облысы бойынша филиалы,
Иманбаева Ақбота Мерғалиқызы***

Құрметті курсты ұйымдастырушылар! Менің сіздерге алғысым шексіз. Курс өте жоғары деңгейде өткізілді. Осындай семинарлар, курстар жиі-жиі өткізіліп тұрғанын қалаймын. Сіздерге шығармашылық табыс тілеймін.

***«Инфекцияға қарсы препараттардың ғылыми орталығы» АҚ,
Сейтқазина Айнұр Серікқазықызы***

«KAZGOR» ЖА ұйымдастыратын бұл курсқа мен осымен үшінші рет қатысып жатырмын. Курсты ұйымдастырушыларға алғысымды білдіремін. Курс оқытушысы Гүлфайруз Иса өте мәдениетті, білімді, жан-жақты, парасатты, сауатты адам. Өз білімін жалпы қауымға жеткізе алады, аударма жұмысында кездесетін стильдік ерекшеліктерге, тіл иірімдеріне көңіл бөле отырып, аударма барысында терминжасам тәсілдерін үйретті. Аудармашының жалған серіктерін тануды және оларды ажырата білуді, салыстырмалы грамматикаға пайдалануды, бір тілден екінші тілге ауыса білу дағдысына машықтандыру мақсаттарында практикалық жаттығулар орындадық.

Термин жасау мақсатында көптеген қызықты жаттығулар орындадық. Осы жолғы курстан алған әсерім мол, орайы келсе, Гүлфайруз Исаның курстарына әлі де келгім келеді. Гүлфайруздың дені сау болып, жұмысында шығармашылық табыстар тілеймін.

***Сиражиденова Башира Ахмедьяновна,
«Мемсараптама» РМК Ақмола облысы бойынша филиалы,
Мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі жетекші маманы***

Курсқа қатысқанымға қуаныштымын. Атқарып жүрген жұмысымның маңыздылығы мен қажеттілігіне көз жеткізіп, өзіме, өз ісіме деген сенімділік күшейді. Толғандырып жүрген сұрақтарға жауап алдық.

Болашақта да 2-3 жыл сайын шақырту жіберіп тұруларыңызды сұраймын.

Аудармашылық құқықтық, басқа да нормативтік құжаттарымен таныстыру болса (авторлық құқық, жұмысын есепке алу, біліктілігін, мамандығына лайықтылығын тексеру және т.б.).

Мен осы «Жазбаша аударма техникасы» курсына қатысу мүмкіндігіне қол жеткізгеніме өте қуаныштымын. Курс жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Жобалау академиясы ішіндегі іскери және моральдік атмосфера жылы да шуақты екен.

Курс жетекшісі Гүлфайруз ханымның өз ісіне қатты берілгені, терең білімі, атқарып жүрген жұмыстары өзіне тәнті етті.

***Есбосын Айман Жұлдызбайқызы,
аудармашы, OIL Contrachen Compania»***

Дами беріңіздер, өрлей беріңіздер. Дендеріңізге – саулық, отбасыларыңызға – береке, ұжымдарыңызға – ауызбіршілік тілеймін. Ұйымдарыңыз тек қана алға жүріп, биік-биік белестерден көрінсін. Осындай курстар көптеп ұйымдастырылсын. Тек қана сәуірде, маусымда, қарашада емес. Басқа айларда да жиірек болса, жақсы болар еді.

***Кеңесбек Ілияс Қайсарұлы,
кіші сержант, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік құзметі ММ***

Курсқа осымен екінші рет қатысып отырмын. Өзімнің білімді толықтыру мүмкіндігімнің болғаны, Сіздер сияқты тіл жанашырларының болғаны қуантады. Аударма сапасын жақсартуға ат салыса беріңіздер демекпін.

***«Қазақ құрылыс және сәулет ғылыми-зерттеу
және жобалау институты» АҚ,
Әлімжанова Әсел Бүркітбайқызы***

Курстың сапасы жақсы, берері мол болды. Курсты жүргізген маманның білімі мен біліктілігі көңілімнен шықты. Аударма саласында көкейімді тесіп, мазалап жүрген көптеген сұрақтарыма жауап тапқаныма разымын. Грамматиканы қайталау, тілдердің, әр халықтың ерекшелігіне, назар аударта отырып, зейінділікті, қырағылықты арттыруға, сөйлемдерді жан-жақты талдай білуге, аударма ісіне деген жауапкершілігімді жоғарылатуға үлес қосты. Әрбір тыңдаушының сұрағын, Гүлфайруз Исақызы қысқа да нұсқа, мағыналық тұрғыда егжей-тегжейлі түсіндіргенін атап өткім келеді. Келешекте, аталған бағыттағы курстарға баруға қызығушылығым туды. Осындай курсты ұйымдастыруға ат салысқан ұжымға алғысымды білдіремін.

***Әбдіраманова Гүлжайна Нұржанқызы,
кіші сержант, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі ММ***

Ең бірінші осы «Жазба аударма техникасы» курсын ашқан Иса Гүлфайрузға деніне саулық, жұмысына табыс тілегім келеді. Осы курс жалғасын таба берсін. Бұл біз үшін, жасап жүрген қызметіміз үшін өте маңызды. Білімімізді жетілдірген сайын, білеріміз де көбейе түседі.

***Алматы қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы
«Метрополитен» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны,
Байсалбекова Айнұр Мұханқызы***

Сіздің мекеме ұйымдастырған курсқа бірінші рет қатысып отырғандықтан, басқадан бұрын жаттықтырушының жоғары біліктілігін атап өткім келеді. Тілегім – жүргізілетін семинарлар мен басқа да шаралардың тақырыптар аясы бұдан да кеңірек болса. Курстан өткен тыңдаушылармен байланыс үзілмей, жаңадан бір сабақтар ұйымдастырылған жағдайда, оларға электр.почта арқылы хабарлама беріліп тұрса жөн болар еді.

Өзіме тақырыптар – экономика, есеп.техникасы, электроника салалары бойынша сабақтар ұйымдастырылса, өте орынды болар еді.

***«Электрондық коммерция орталығы» ЖШС,
Абибуллаева Қарлыға Құттықияқызы***

Құрметті Гүлфайруз! Сізге шығармашылық табыс тілеймін. Алдарыңызға қойған мақсат тұратыңызға жетуге тілектеспін. Бастаған ісіңіз Қазақстан елі үшін өте маңызды. Біздің тілімізбен еліміздің мәртебесін жоғары деңгейге жеткізу үшін, Сіздер сияқты намысын жібермейтін ұстаздарымыздың көп болуын қалаймын.

***Алдабергенова Гулмира Алдабергенқызы,
хатшы-референт-аудармашы, «МАНГЫШЛАК-МУНАЙ» ЖШС***

Ең біріншіден, осындай курстың өткізілуіне бастама көтерушілерге алғыс білдіремін. Мен үшін бұл сабақтардың маңызы зор болды. Үлкен үмітпен келген едім, үміттерім ақталды. Түйген мәліметтерім өте көп. Атқарып жүрген жұмысыма басқа қырынан қарайтын болдым, мақтанатын болдым. Курстың өткізілу күндерін ұзартса деген тілек бар.

***Жұмашова Мөлдір Берікқызы,
жинақтау бөлімінің жетекші маманы,
«Мемсараптама» РМК Алматы облысы бойынша филиалы***

Курс өте ұнады. Аудармашы ретінде көп нәрсе түйдім. Аудармашылықта кездесетін қиындықтар жан-жақты, түгелдей дерлік қамтылған. Мұндай курстар осы сала мамандарына ауадай қажет. Әрі аудармашылар өздерін толғандыратын мәселелерді талқыға сала алады.

Курс бағдарламасы қамтылды. Сабақтар жүйелі, мысалдар қызықты, тақырыпты аша түседі. Сабақтарды жүргізген Гүлфайруз Исақызының өте білікті, өз ісін жақсы білетін маман екендігі, әрі өз білгенін жеткізе білу қабілеті бірден байқалады. Бұл курс аударма ісін дамытуға қосылатын үлкен үлес деп ойлаймын.

***Әлімжанова Әсел Бүркітбайқызы,
мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі маман,
«Қазақ құрылыс және сәулет ғылыми-зерттеу
және жобалау институты» акционерлік қоғамы***

Құрметті Гүлфайруз апай!

Сізге көп-көп рахмет!

«Жазбаша аударма техникасы» оқу курсы әр аудармашыға қажет екенін көзім жетті. Курс барысында талай сұрақтарыма жауап тауып, қиын аудармалардан жеңіл шығуын үйрендім. Аударма мәселелерін ашып, көрсетуіңізге алғыс айтамын! Ісіңізге сәттілік, отбасыңызға амандық тілеймін! Келесі курсыңызға шақыруыңызды күтемін!

Иманбаева Ақбота Мерғалиқызы
«Мемсараптама» РМК-ның Ақтөбе облысы бойынша филиалы,
Өндірістік бөлімдегі сараптамалық құжат айналымы секторының
жетекші маманы, аудармашы

«Жазбаша аударма техникасы» курсы бойынша өткен тақырыптарымыз біз үшін өте қажет, маңызды сұрақтарымызды талқылап, шешімін табуға көмек берді. Курс ұйымдастырушыларға үлкен алғыс айтамын. Курс өте ұнады. Жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Еңбектеріңізге табыс, қызықты курстар көп болуын тілеймін.

Тастенова Лида Ныгметоллақызы,
аудармашы, «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ

Гүлфайруз Исаға, Күләнда апайға осы курсқа қатысу барысында керемет тамаша атмосфера жасай білгендері үшін ризашылығымды білдіремін.

Гүлфайруздың бірнеше қызметті қатар алып жүргеніне, «осыншама ақпарат қалайша басында жүреді екен?» деп қайран қалдым. Еліктеуге тұрарлық адам!

Мен үшін аудармашы мамандығы – жан-жақты ақпарат көзі, даму қозғалтқышы. Біршама жыл аударма жұмысымен айналысып жүргеніммен білмейтіндерім қандай көп деген ойға келемін. Сұрақтар шыға береді, шыға береді. Біздер үшін жан-жақты болу, өзіңді-өзің дамытып отыру ауадай қажет екен.

Бұл – менің Гүлфайруз Исаның басқаруымен өткізілген аудармашылардың біліктілігін арттыру курсына түйген басты ойым.

Нүрекенова Бұлғын Заманбекқызы,
мемлекеттік тіл аудармашысы, ҚР Индустрия және жаңа технологиялар
министрлігі Атом энергиясы комитетінің «Қазақстан Республикасының
Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы
республикалық мемлекеттік кәсіпорны

Курсқа осымен үшінші рет қатысып отырмын. Көптеген сұрақтарыма толықтай жауап алдым. Аударма жыға дамып келеді, әсіресе өзім жұмыс атқарып келе жатқан құрылыс саласындағы терминдер жылдан жылға өзгертіліп толықтырылып келеді. Сол терминдерді қолдану бойынша көп ақпарат алдым, мол тәжірибе жинадым. Осы курстың ұйымдастырушысы Г.Исаға алғысымды білдіремін.

***Қалымбетова Гүлім Мұратқызы
«Қазақ құрылыс және сәулет ғылыми-зерттеу және жобалау институты» АҚ-ы, мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі маман***

«Жазбаша аудару техникасы» курсын ұлғайтып, соның ішінде курсқа мемлекеттік органдардан тыңдаушылар санын көбейту керек деп есептеймін. Әсіресе, ұлттың қауіпсіздік комитеті, Президенті Күзет қызметі, ішкі істер органдары, Прокуратура және де тағы басқа органдары мемлекеттік емес ұйымдардан бөлек шақыру керек деп ойлаймын (пікірталас тудыру, тәжірибе алмасу мақсатында).

Осыған қоса, курстарыңызға сәттілік тілеймін.

***Рахметуллаев Асылбек Құлымбетұлы
Қазақстан Республикасы Президенті Күзет қызметі, Сегізінші
департаменті жедел бөлімінің инспекторы***

- Компанияға келіп, курс өткізілсе;*
- Сала бойынша аудармашыларды бір топқа бөліп, тереңдетілген сабақ жүргізілсе?*

***Ұзақова Рашида Мұқашқызы
«АлматыГазТрейд» ЖШС-і,
табиғи газды жеткізу бөлімінің аға менеджері***

Жаңадан қолданысқа енген терминдерге көбірек мән берілсе деген тілегім бар. Негізінен тренинг жоғары деңгейде өтті деп санаймын.

***Аймағамбетов Базарқан Әбдіқаниұлы,
аудармашы, «Фэлкон Ойл энд Гэс ЛТД» ЖШС (Falcon Jil & Gas LTD)***

Мен аударма жасауда және құрылыс және басқа салалардағы термин сөздерді қолдануда көптеген қиындықтар кездесті.

Біліктілігімді көтеру курстарына қатысумен қазақ тілінің маманы, аудармашылық салада көп жылдық тәжірибесі мол Гүлфайрузға көп алғысымды айтамын. Әр курстың модульдік тақырыптары толық қамтылып тыңдаушылардың ойынан шығуда. Менің өзім қатысқан курстардағы жаттығулар жасау, әртүрлі мәтіндерді ережені сақтап аудару және т.б. сабақ барысы маған қатты ұнады.

Осындай қазақ тілінің жанашыры ретінде заманымызға сай терминдердің өзгеру жолдарын және қазақ тілінің заңдылықтарын қай жағынан болсын Гүлфайруз өзінің оқыту әдістемесімен тыңдаушыларға толық мағлұмат берді.

Гүлфайрузға біздің қазақ тілінің әлі де болса «тар жол тайғақ кешу» қалпында болса да, оны қолға алып, өзінің біліктілігімен 2012-2013 жылдарда өткізілген барлық курстарында өз үлесін қосып дәлелдеп келеді.

Әрі қарай осындай курстарға сәттіліктер тілей отырып, тыңдаушылардың саны көбейіп, жаңа курстар, жаңа модульдер жалғаса берсін!

***Сүлейменова Күләнда Дулатқызы
«KAZGOR» жобалау академиясы» ЖШС,
жетекші редактор-аудармашы***

Мемлекеттік сараптама жұмысына нақты қатысты аудармаға 1-2 күн толық бөлінсе, нұр үстіне нұр болар еді.

***Мирманова Күлпәш Амангелдіқызы
«Мемсараптама» РМК-нің Атырау облысы бойынша филиалы,
өндірістік бөлімдегі сараптамалық құжат айналымы секторының
жетекші маманы, аудармашы***

Өткізілген сабақтар жаман емес, көңілден шықты. Бірақ, мен сабақ барысында біздің жұмысымызға қатысты мәтіндерді көбірек аударсақ, сол салада көбірек жұмыс жасасақ деген ойымды айтқым келеді.

***Каменова Гүлмира Имангазықызы
«Мемсараптама» РМК-нің Павлодар облысы бойынша филиалы,
құжат айналымы секторының жетекші маманы***

*Талаптарыңызды шығармашылық табыспен шыңдай беріңіздер.
Гүлфайруз! Аудиторияны меңгерудегі өнеріңізге бас иемін.*

Балабекова Гаухар Сагынбайқызы

Жалпы алғанда «Жазбаша аударма техникасы» курсы маған ұнады. Маман тәжірибесі мен біліктілігі осындай курс өткізуге сай келеді.

Курстың мақсаты аудармашы маманның аударма ісіндегі көзге көріне бермейтін грамматикалық, лексикалық тұрғыдағы қателіктерге жол бермеуді үйрету. Аудармашының екі тілде де жатық сөйлеп, екі тілдің де сөз, сөйлем құрастыру иірімдерін қатар алып жүруді үйрету. Менің осы курстан ұғынғаным осылар.

Айта кететін тілегім – курс оқулығында беріліп отырған тақырыптарды өткенде, оларға белгілі бір оқулықтан қазақ тілінің сол тақырыпқа сай ережесі, анықтамасы берілсе екен. Сонда аудармашының есіне бұрындары мектептегі, жоғары оқу орнында өткен тақырыптары бойынша жақсы мысалдар берілген, онымен келісемін.

Курстың тағы бір жақсы атап өтетін тұсы – маманмен көкейде жүрген сұрақтарды ортаға салып талқылау. Сол жерде отырып келісетін-келіспейтініңді айта отырып, ойыңмен бөлісу, басқалардың пікірін тыңдау. Содан барып бір ортақ шешімге келу.

Келешекте курстың жалғасына да қатыссам деген ой-тілек бар.

***Молдағалиева Диана Мұратқызы
«KAZGOR» жобалау академиясы» ЖШС***

Сіздерге еңбекте табыс тілеймін!

Менің пікірім: өз уақытымыздың аудармашысы болғандықтан, қазіргі уақытта құрылыс саласындағы терминдерді аударуда көп қиыншылықтар туындайды. Мен осы курста таныс терминдерді жан-жақты талқылап, ортаға салып өз пікірімізді айтқанымызға қанағаттандым. Келешекте біз дәріс алатын курстарда құрылыс саласында жаңа шыққан терминологиялық сөздіктерді қолдансақ екен деген үміттемін (толық мағынасы).

***Сүлейменова Айгүл Амангелдіқызы
Маңғыстау облысы бойынша «Мемсараптама» РМК аудармашысы***

Мен үшін бұл семинардың маңызы зор болды. Семинардың барысында бір-бірімізбен тәжірибе алмастық. Осындай семинар жиі болып тұрса деген өтініш, тілегім бар. Сіздердің еңбектеріңізге мол табыс тілеймін! Мың да бір алғысымды білдіремін!

***Қадырсейітова Нұрилә Бейбітқызы,
«Мемсараптама» РМК Алматы облысы бойынша филиалы,
өндірістік бөлімдегі сараптамалық құжат айналымы секторының
жетекші маманы***

Осы ретте курстың мерзімі ұзақ болғанына қарамастан (5 күн) жылдам өтіп жатқанын байқадым, практикалық жаттығулар көп болды. Жаттығу арқылы тезірек түсінетінін анық. Осы жағы маған ұнады. Мұғаліміміз Гүлфайруздың сабақ беру методикасы ұнады.

***Мирманова Күлнаш Амангелдіқызы,
«Мемсараптама» РМК Атырау облысы бойынша филиалы,
өндірістік бөлімдегі сараптамалық құжат айналымы секторының
жетекші маманы, аудармашы***

Гүлфайруз сияқты тілге жанашыр қазақтың қыздары көп болса, сауатты, патриот, және де аудармашылардың басын біріктіріп, мәселелерді өз деңгейінде талқылап, бір шешімге келтіретін ұйым болса, басшылықтардан қолдау болса. Жұмыстарыңызға жеміс, табыс тілеймін.

***Жүсіпова Сұлунаш Сәмідінқызы
Қызылорда облысы бойынша
«Мемсараптама» РМК аудармашысы***

Маған бұл курс өте ұнады, қатты әсер алдым. Менің алдағы уақыттағы жұмысыма керекті көптеген ақпараттар алдым, өзімнің сұрақтарыма толық жауап таптым. Тіпті бүгінгі күнге дейін білмей келген нәрселерді білдім. Аудармашы дегеннің мағынасын түсініп, қандай тұлға екенін ажырата аламын, міндеттерін ұғындым десем де артық айтпаған болар едім.

Курс жүргізушісі мен ұйымдастырушылардың қызметіне де дән ризамын. Гүлфайруз өзін өте білікті маман, алдындағы адамды тыңдай білетін, толық жауап беруге тырысатын кәсіби тұлға ретінде көрсетті. Курсқа келерде 5 күн қалай өтер екен, қандай ақпарат береді деп күдіктеніп келген едім. Бірінші күннен-ақ Гүлфайруз мені өзіне қаратып алды. Сабақ өте қызықты, бастысы бізге түсінікті тілде басталды. Уақыт тез өтті.

Мен сіздердің еңбектеріңізге жеміс, алға өрлеу, алдағы уақытта да тыңдаушыларды жақсы әсерде қайтаратындай мәнді де мағыналы семинар сабақтар өткізе берулеріңізді тілеймін.

Қазіргі дамыған заманда күннен-күнге өзгерістер болып жатады. Сондықтан бізге қажетті мағлұматтар әлі де жетерлік.

Гүлфайруз! Мен сізден алдағы уақытта жаңа курстар, жаңа терминдер, жаңаша аудару тәсілдері т.б. аудармашыға қажетті ақпараттар күтемін!

Сізге алға қарай өрлей беріңіз, бізбен бөлісер еңбегіңіз жемісті, жаңалықтарыңыз жұғысты болсын демекпін.

**Каменова Гүлмира Имангазықызы,
«Мемсараптама» РМК Павлодар облысы бойынша филиалы,
құжат айналымы секторының жетекші маманы**

«KAZGOR» жобалау академиясында өткізілетін курстарға екінші рет қатысып отырмын. Менің ойымша, аудармашылардың біліктілігін арттырудағы курстың пайдасы өте зор. Курстың тақырыбы аударма ісіндегі ең өзекті мәселелерді қамтиды. Оқу барысында курс қатысушылары жиі кездесетін проблемалық мәселелерді жаттығу барысында талқылап, ортақ бір ойға келеді. Келесі курстарға да қатысамын деп үміттенемін.

**Алиев Рустам Оранбекұлы,
Қазақстан Республикасы Күзет қызметі,
күзет офицері**

Аудармашылар курсы біздер үшін өте қажет. Мүлде жатық тілмен еркін жеткізіледі. Қажетті материалдар көрнектілікпен жақсы берілген. Оқытушының білімділігі өте жоғары. Осындай курстың өтуін қолдағандарыңыз үшін «KAZGOR» жобалау академиясының басшыларына алғыс айтамын. Бұл – мемлекеттік тілді, аударма жұмысын дамытуға қосқан үлкен үлес. Рахмет сіздерге.

***Жанаманова Сәндікүл Нартайқызы,
«ҚР минералдық шикізатты кешенді қайта
өңдеу жөніндегі ұлттық орталық», аудармашы***

2013 жылғы 22-26 сәуір аралығында аудармашылардың біліктілігін көтеру курсы өтті. Менің ойымша, мұндай курстар бізге көп көмек көрсетеді, әсіресе, осы жолы сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін орналастыруда, сондай-ақ көптеген сөздердің тарихынан мағлұмат алдық.

Курс өте маңызды, тақырыптары толық қамтылды.

Мұғалім – өте білімді, парасатты, сауатты, ойы ұшқыр кәсіби маман.

Курс өте жақсы ұйымдастырылған.

***Сиражиденова Башира Ахмедьяновна,
«Мемсарптама» РМК Ақмола облысы бойынша филиалы,
өндірістік бөлімінің жетекші маманы***

Курс толықтай көңілден шықты. Қозғалған тақырыптардың барлығы өзекті, керекті болды. Өзім үшін бірқатар жаңа, маңызды ойларды білдім. Оқытушының біліктілігін ерекше атап айтқым келеді, сондықтан да курс қызықты, жеңіл өтті. Курстар жалғасын таба берсін деп тілеймін.

***Керімқұлова Қарлығаш Манатқызы,
Қазақстан Республикасы Күзет қызметі,
инспектор***

Қазіргі заманда, талабына сай біліктілікті көтеру, қайта даярлау курстары мен семинарлары жиі өткізіліп тұруы тиіс. Осындай шаралардың аудармашыларға тигізетін көмегі зор. Бірыңғай аударма жүйесі, тіптен аударманың баламлары көп болғандықтан, аудармашы өз жұмысында сөздерді дұрыс жеткізе алмайды. Сондықтан, курс пен семинарларда пікір таластырып, тәжірибемен алмасу – үлкен көмек «KAZGOR» жобалау академиясында Г. Исаның бастауымен осындай курстар өткізу дәстүрге айнала бастады. Ең маңыздысы – бұл курстар жүйелі түрде өтіп жатыр. Жаз айында басталған курс қыста жалғасын тапты. Маманның жоғары біліктілігі мен тәжірибесі берген материалдардың жан-жақты қызықтылығы, толықтылығы негізінде, курс өте мағыналы өтті. Тыңдаушылардың өтініші бойынша курстар жалғасады деген ойдамыз.

Осындай біліктілігі көтеру семинарлары жиі болып тұруы қажет. Пікір алмасу аудармашыларға орасан зор көмегін тигізеді.

**Мақұлбекова Раушан,
«ҚазТрансГаз-Алматы» АҚ,
«Құжат айналымы» департаменті
директорының орынбасары**

Құрметті Казгор'академиясының ұжымы! Туған тіліміздің мәртебесін көтеру үшін, аудармашыларға арналған үш күндік курсты ұйымдастырып отырғандарыңызға көп рақмет. Біз үш күн ішінде Гүлфайруздың жүргізген сабағынан көп мағлұмат, терең білім, ұмымылмас әсер алдық. Бұл біз үшін қазіргі уақытта табылмайтын білім көзі, өйткені мұндай терең білімді, туған тілінің жанашыр адамдары ғана бере алады. Үш күндік курс өте жақсы ұйымдастырылған. Уақыт тиімді пайдаланылды.

Шын көңілден Сіздерге шығармашылық табыс тілейміз! Алдағы уақытта білімімізді шыңдай түсуге және кәсіби біліктілігімізді нығайту үшін осындай курстар жиі ұйымдастырылса екен деген тілегіміз бар.

**Сүлейменова Айгүл,
Маңғыстау облысы бойынша
«Мемсараптама» РМК аудармашысы**

Осындай семинарлардың өткізіліп тұрғаны жақсы. Көп нәрсені үйрендік. Аудармашылар арасында пікір алыстық. Аудармада кездесетін қиыншылықтар мен кедергілерге байланысты көп мағлұмат алдық. Дұрыс аударма жасаудың жолдарын үйреткен Гүлфайруз Исаға, ұйымдастыруға атсалысқан Айнұр, Күләндаға көп рақмет! Зор денсаулық, шығармашылық табыс тілеймін!

**Қалымбетова Гүлім,
"ҚазҚСҒЗЖИ" РМК,
аудармашы**

Аудармашылық тәжірибем және осы саладағы қызмет өтілім – 15 жылды құрайды. Қызмет атқару барысында бірнеше рет курстар мен семинарларға қатыстым, оның ішінде ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясында бірталай курстардан өттім. Бірақ, ол курстардың барлығы қазақ тілінде іс жүргізуді жүзеге асыратын мамандарға арналып өткізіледі. Тек қана қазақ тілі мамандарына немесе аудармашыларға арналған курстарды немесе семинарларды бұрын-соңды естімегенмін және көрмегенмін.

Осы курстың өзгешелігі бұл тек қана аудармашыларға арналған және біздің тобымызға өте білімді және тәжірибесі мол мамандар жиналыпты. Мен ол кісілерден көп нәрсені үйрендім, тіпті бұрын естімеген сөздерді естідім.

Ең бастысы, осы курсты ұйымдастырып отырған және тікелей өзі жүргізіп жүрген Гүлфайруз Исақызына шексіз алғысымды білдіргім келеді. Сізге, Гүлфайруз ханым, зор денсаулық, шығармашылық табыстар тілей отырып, қазақ тілінің жанашыры болып, атқарып жүрген еңбегіңізге жеміс тілеймін.

Сондай-ақ, осындай игі бастаманы қолдап отырған «KAZGOR» жобалау академиясының басшылығына да, Гүлфайруз Исақызының көмекшісі, курсқа қатысушылардың жанашыры болып жүрген Айнұр ханымға да көп рахмет айтамын.

**Әтемқұлова Жанар,
Қазақстан Республикасы Президентінің
Күзет қызметінде мемлекеттік тілді дамыту
тобының аға инспекторы**

Аудармаға қажетті көп пайдалы білім алдым. Семинар ұйымдастырғандырыңызға көп рахмет. Гүлфайруз Исаға жеке алғыс білдірмеін. Жұмысыңыз жемісті үлкен жетістіктерге жете беруіңізді тілеймін.

**Қапарова Әлия,
«Мемсарптама» РМК,
бас маман**

Аудармашылардың біліктілігін көтеру курсын әрі қарай 3-5 күндік емес жылына 2-3 реттен болса екен деймін. Осындай курстар тоқтамай әрі қарай дами берсе деймін. «KAZGOR» жобалау академиясына алғысымды білдіремін.

**Тұлұбаева Гүлнұр,
«Волковгеология» АҚ,
құжаттанушы**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ
ШАРУАШЫЛЫҚ ІСТЕРІ АГЕНТТІГІНІҢ
«ЖОБАЛАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ВЕДОМСТВОДАН
ТЫС САРАПТАУ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ
ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
КӘСІПОРНЫҢ («МЕМСАРАПТАМА» РМҚ)
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ФИЛИАЛЫ



ФИЛИАЛ РЕСПУБЛИКАНСКОГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО ПРЕДПРИЯТИЯ
НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ
«ГОСУДАРСТВЕННАЯ ВНЕВЕДОМСТВЕННАЯ
ЭКСПЕРТИЗА ПРОЕКТОВ» (РГП «ГОСЭКСПЕРТИЗА»)
АГЕНТСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПО ДЕЛАМ СТРОИТЕЛЬСТВА И ЖИЛИЩНО-
КОММУНАЛЬНОГО ХОЗЯЙСТВА В Г. АЛМАТЫ

050009, Алматы қаласы, Карасай батыр көпесі,
Жароков көшесінің қиылысы, 182а/35
тел.: 8 (727) 397-00-00, тел./факс: 8 (727) 397-00-05
www.almaty.gosexpertiza.kz, e-mail: almaty@gosexpertiza.kz

050009, г. Алматы, ул. Карасай батыра,
угол ул. Жарокова, 182а/35
тел.: 8 (727) 397-00-00, тел./факс: 8 (727) 397-00-05
www.almaty.gosexpertiza.kz, e-mail: almaty@gosexpertiza.kz

29.11.12 № 02-01-02-09/4804

**«KAZGOR» жобалау академиясының
президенті
А.А. Таттигуловқа**

*2012 жылғы қарашаның 19-21-і аралығында
өткен «Жазбаша аударма техникасы»
біліктілікті көтеру курсына қатысты*

Аталған курста аудармашы қызметкеріміздің алған білімдері мен тәжірибесінің біздің кәсіпорнымызға тигізетін пайдасы зор екендігін ескеріп, Сізге алғысымызды білдіреміз!

Сондай-ақ, мемлекеттік тілді дамыту аясында Сіздің ұйымыңызбен өткізіліп жатқан осындай шараларыңыз қазіргі іс жүргізуде, сонымен қатар әр саладағы құжаттардың мемлекеттік тілге жасалап жатқан аудармаларының дұрыстығына әрі аудармашы мамандарының тиімді жұмысына өте қажетті іс шара болып табылады.

Ұжымыңыздың курс оқытушылары семинар қатысушыларына жақсы білім берумен қатар, құрылыс саласындағы аудармаға байланысты мәселелерді талқылап, мол тәжірибесімен бөлісіп жатқанына ризашылық білдіріп, алдағы кезде екі ұжым арасындағы қызметтік қатынастар артады деген сезімдеміз.

Директор

Ш. Карманов

Орынд. А. Акимбаева
Тел: 397-00-26

002845

АЛЫНДЫ • ПОЛУЧЕНО	
«30» 11	2012 г.
кіріс:	1861
вход:	1
Беттер саны:	
Копия, стр.	
KAZGOR	